


БЕКІТЕМІН

«Облыстық көркемөнерпаздардың
халық шығармашылығы мен
кинобейнеқор орталығы» КМҚК
басшысы  Д.Қалқаев.
2024 жыл «___» маусым

Ұлттық домбыра күні аясында өткізілетін «Күмбірле, қоңыр домбыра!» облыстық домбырашылар байқауының ЕРЕЖЕСІ

Өткізілетін мерзімі: 2024 жыл, 28 маусым, сағ.11:00.

Өтетін орны: Әуликөл ауданы, аудандық МҮ.

Ұйымдастырушылар:

- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК;
- «Күйшілер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қостанай облыстық филиалы.

Байқаудың мақсаты:

- күйшілік орындаушылық өнерді дәріптеу және насихаттау;
- домбырашылардың кәсіби шеберлігін арттыру;
- жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру және дарынды жастарға шығармашылық қолдау көрсету;
- күй өнері арқылы қазақстандық патриотизм мен ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- халық және жергілікті композиторлардың күйлерін халыққа кеңінен насихаттап, облысымыздағы домбырашылардың репертуарын толықтыру.

Байқау талаптары:

- Байқау жеке орындаушылар арасында өтеді.
- Байқауға қатысу жас ерекшеліктері: 18-35 жас.
- Төменде берілген күйлердің тізімінен:
 1. қатысушы өз таңдауы бойынша шертпе (*Арқа, Жетісу, Тарбағатай, Қаратау күй мектептерінің*) бір (1) күйін орындайды;
 2. қатысушының таңдауы бойынша төкпе (*Орда, Жиделі Байсын, Маңғыстау*) бір (1) күйін орындайды;
 3. қатысушының таңдауы бойынша Қазанғап Тілепбергенұлының бір (1) күйін орындайды;

- өз таңдауы бойынша Тобыл-Торғай өңірі сазгерлерінің бір (1) күйін орындайды.

Байқаудың жалпы сипаттамасы:

- Байқау 1 кезеңнен тұрады. Жалпы төрт күй орындауы шарт.

Қазылар алқасы:

- Байқаудың қазылар алқасына музыка өнерінің қайраткерлері шақырылады;
- Қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді;
- Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

Бағалау өлшемдері:

- Сахна мәдениеті;
- орындаушылық шеберлігі;
- күйді жеткізе білуі, әртістік қабілеті.

Өтініштерді тапсыру шарттары:

Өтінімдер 2024 жылы 20 маусым, сағат 14:00-ге дейін hsb@ocsnt.kz электронды поштасы бойынша қабылданады. Байланыс телефоны: 8(7142)56-01-29.

Жол шығындары:

- Жол шығындары, тамақтану жіберуші жақтың есебінен.

ӨТІНІМ

№	Аты - жөні, қала, аудан	Орындайтын шығарма атауы, авторлары.	Қатысушы туралы ақпарат, жетістіктері, жеке төл құжаты, есеп шот	Қатысушының ұялы тел номері;